## ПАЙЫЗ КЕЗ КЕЛГЕН САННЫҢ ЖҮЗДЕН БІР БӨЛІГІ

Бүтіннің әр түрлі бөліктерін сипаттағанда жарты (1/2), үштен бір (1/3), төрттен бір (1/4), бестен бір (1/5) сияқты ұғымдарды қолданамыз. Бұл өте ыңғайлы, мысалы, бәліштің жартысын кесіп алу, жолдың үштен бір бөлігін жүріп өту, мектепте бірінші тоқсанды, яғни бір оқу жылынын төрттен бірін, аяқтау.

Пайыз кез келген санның жүзден бір бөлігін құрайды.
Пайыздын белгілеуі - %.

$$1\% = \frac{1}{100} = 0{,}01.$$

**МЫСАЛ.**

**1**) $2\% = \frac{2}{100} = 0{,}02;$

**2**) $40\% = \frac{40}{100} = \frac{4}{10} = 0{,}4;$

**3**) $0{,}5\% = \frac{0{,}5}{100} = \frac{0{,}5 \cdot 10}{100 \cdot 10} = \frac{5}{1000} = 0{,}005;$

**4**) $0{,}01\% = \frac{0{,}01}{100} = \frac{0{,}01 \cdot 100}{100 \cdot 100} = \frac{1}{10\,000} = 0{,}0001.$